

ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Аннотация

Мақалада ислам дінінің шығу дәрежесі қарастырылған. Исламдағы әйел-ананың рөлі талданға. Қоғамда оның имандылық негіздерін сақтау, отбасылық құндылықтарды жаңғырту мен жас ұрпақты тәрбиелеу проблемалары өткір қойылып отыр. Осындай жағдайда қоғамдық құндылықтар дағдарысы тұрғысынан алғанда әйелдің рөлі мен орны туралы мәселе айрықша өзекті бола түседі.

Кілт сөздер: имандылық, отбасылық құндылықтар, әйел-ана рөлі, этикалық нормалар, мейірімділік.

Ключевые слова: нравственность, семейные ценности, роль женщины-матери, этические нормы, доброта.

Keywords: morality, domestic values, role of woman-mother, ethic norms, kindness.

Кез келген әйел-ананың өмірлік талпынысы ретінде отбасының татулығы мен амандығы жалпы алғанда қоғам ұмтылысына сай келеді. Қазіргі әйел-ана қандай да бір тіршілік саласына белсене араласа отырып, қоғамның рухани-имандылық тұрғыдан дамуына және қоғамдық қатынастарды жарасымды ету үдерісіне зор үлес қосуға қабілетті. Ол өзіне дәстүрлі түрде жүктелген ана, отбасының киесі, моральдық-имандылық және этикалық нормалар мен қағидаларды ұстанудың үлгісі бола жүріп, оларды ұрпақтан-ұрпаққа ұластырып келеді. Әйелдің әлеуметтік және отбасылық салаларындағы рөлі айрықша маңызға ие болып отыр, ол бүгінде өсе түсуге тиіс, мұның өзі қазіргі қоғамның бұдан былайғы қолайлы және жарасымды дамуының қажетті шарты болып табылады.

Ислам діні әйелді ең жоғары дәрежелерге көтерген. Исламның әйелге берген қадірін ешбір дін, ешбір идеология бере алған емес. Коммунистер әйел мен еркектің тең болғандығын айтып, әйелдерге ең ауыр жұмыстарды жасатқызған. Ал мұсылман әйелге еркек туыстарынан пітір бере алатындай бай болғандардан ең жақын болғаны қарауға мәжбүр. Жақын туысы жоқ болса немесе кедей болса, “Бәйтул мал”, яғни мемлекет қазынасы әртүрлі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге міндетті. Сондықтан мұсылман қыз, мұсылман әйел күн көріс қиыншылығынан босатылған. Ол еңбек етіп, қиналып, ақша табуға міндетті емес. Барлық нәрсе оның аяғына келеді. Ислам діні оны осыншама қадірлеген. Бірақ әйелдің исламды, дінін, иманын, фарздарды, ғибадаттарды, харамдарды үйренуі фарз. Әкесінің немесе күйеуінің оған бұл ілімдерді үйретуі керек. Үйретпесе, үлкен күнәға түседі.

Мұсылман әйелі сауда-саттық, ғылым, өнеркәсіп, егіншілікпен шұғылдануға мәжбүр болмаса да, бұлармен шұғылдануына, ақша табуына тыйым салынған емес, харам да емес. Бірақ бұлармен шұғылданғанда және ілім үйренгенде еркектер арасына кірмеулері, оларға ашық күйде көрінбеуі, харамнан ұзақ болуы керек. Әйелдің жасаған күнәларының жазасын оған сол күнәні жасауға рұқсат берген еркек де тартады. Ал еркектің жасаған күнәсінің әйелге зияны жоқ. Исламда әйел соғысқа бармайды. Дүниеде алаңсыз бақыт ішінде болғаны секілді оның жәннатқа кіруі де өте оңай.

Хадис шәрифте: «Бір әйел бес уақыт намазын оқып, Рамазан айында оразасын тұтып, намысын қорғап, күйеуіне мойынсұнатын болса, қалаған есігінен жәннатқа кіреді» деп бұйырылды.

Пайғамбарымыз саллаллаһу алейһи уасәлләм хижраның оныншы жылында соңғы қажылығының хұтбасындағы соңғы насихаттарының бірінде бүкіл мұсылмандарға қарата «Әйелдеріңе зорлық көрсетпеңдер! Олар Аллаһу та'аланың сендерге аманаты. Олармен жұмсақ мәміледе болыңдар!» деп бұйырған. Исламда үйлену, бір қызды бақытты ету ғибадат болып саналады және мұның сауабы бүкіл нәпіл ғибадаттарға берілетін сауаптан да көп.

Құранда әйелді қадірлеу туралы былай баяндалады: «Сендер үшін Аллаһ өз нәсілдеріңнен әйел затын жаратты. Әйелден бала, баладан немере көрдіңдер. Сендерге ризық етіп алуан түрлі шырынды жеміс өсірді. Сонда да болса олардың өтірікке бой ұрып, Аллаһ берген игілікке күпірлік ететіндері қалай?» (Нахл сүресі).

Ал Алла Елшісі (с.а.у) мұсылмандарға әйел затына ерекше көңіл бөлу керектігі туралы: «Мұсылмандардың ең жақсысы, әйеліне дұрыс қарағаны», сондай-ақ, «Әйелдерге жақсы мінезде болыңыздар» деген болатын. Ислам әйелді өз апа-қарындасындай құрметтеуге шақырады. Бұл туралы Пайғамбарымыз (с.а.у): «Әйелдерге ер кісілер өзінің апа-қарындастарынша мәміледе болуы керек» деп насихаттаған болатын.

Әйел дегенде ана еске түседі. Ал Құранда әкеге құрмет көрсетуді анадан бөліп-жарып айтпайды: «Сендерге Алла тек өзіне ғана бойсұнуды бұйырды, ата-аналарыңа жақсылық жасауды өсиет етті. Олардың біреуі немесе екеуі бірдей қартайса «тұһ» деп, зекіп ұрыспандар. Екеуіне де мейірімді болыңдар. Екеуіне де зор мейіріммен, кішіпейілдікпен бас иіңдер. «Аллаһым, олар мені бала кезімде қалай мәпелеп өсірсе, Сен де оларға сондай рақымдылық ете гөр!», - деп айт» (Исра сүресі, 23-24). Осы аяттың тәпсірін жасаған Сәйид Кутуб әке-шешеге құрмет жайлы Хафыз Әбу Бәкір Бәззардың мына риуаятын мысал ретінде келтіреді: «Бір адам хажылық кезінде анасын арқалап алып Қағбаны тауап етеді. Бір кезде Пайғамбарымыз (с.а.у)-нан «Оның ақысын өтей алдым ба?» - деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.у): «Жүкті болған кезінде алған бір тынысының ақысын әлі өтей алмадың», - деп жауап береді».

Отбасы – адамның дамып өсуінің негізі, әйел – бұл орталықтың өзегі болып саналады. Отбасы қоғамдағы рухани және психикалық тыныштықтың орнатылуына маңызды үлес қосады. Құран Кәрім бұл мәселеге мән беріп, әйел мен ердің арасындағы түсінісушілікті илаһи белгілердің бірі деп санайды. Ислам революциясының қазіргі жетекшісі әйелдер мәселесіне көңіл бөлу қажеттілігінің маңызды себептерінің бірін әйелдің отбасындағы маңызды рөлімен байланыстырады. Ол: "Исламның көзқарасы бойынша, отбасы – қоғамның маңызды бастауыш ұйымы. Сау, сындарлы және көңілі дұрыс отбасынсыз қоғамның дамуы, әсіресе мәдени дамуы мүмкін емес. Мұндай отбасыны мүмін әрі түсінігі мол әйелдерсіз құруға болмайды", - деді.

Ислам мемлекетінің ішкі функциясындағы үлкен өзгерістердің бірі, отбасылық қарым-қатынастың бірізге түсіп, әйел мен еркектің, ата-ана мен балалардың құқықтар мен міндеттерінің орынды белгіленуі еді. Отбасы - адамның өз бақытын тауып, ұрпақтың жалғасуы, әрі ислам діні бойынша күнә деп саналатын жаман әрекеттерден қорғайтын

бірден-бір қорған. Ислам діні бойынша отбасы түрі - патриархаттық негізде қалыптасты. Алайда бұл қараңғылық дәуірдегі ер адамның отбасыдағы үстемдігінен өзгеше еді. Бірақ, отбасын басқаруда отағасы белгілі құқықтарға ғана ие болды. Мысалы, әке өз баласын сатуы мен өліміне шешім қабылдауына құқығы болмады. Осыған байланысты қараңғылық дәуірде орын алған жас сәбиді өлтіру әдетіне тыйым салынды. Сондай-ақ мұсылман құқығында әйел күйеуінің алдында кейбір мәселелер бойынша тәуелсіз болды. Алайда еркектің қоғамдағы атқарар жұмысы ауыр болғандықтан, әйелден кейбір мәселелерде үстемдікке ие-тін. Бұл жайында Құран былай дейді: «Еркек - әйелге билік жүргізеді. Себебі Аллаһ оларды бір-бірінен артық етіп жаратқан және ерлер әйелдер үшін мал-мүліктерін сарп етеді. Жақсы әйел еріне бойсұнады, ерлері жоқ кезде бір Аллаһты пана тұтып, өздерінің абыройын сақтайды. Ал егер олардан жаман қылық көрсендер үгіт-насихат айтып, ескертіндер, оған көнбесе төсекте бірге жатпаңдар. Онда да болмаса (соңғы шара ретінде) ұрыңдар. Егер бағынса, басқа жол іздеп оларды жәбірлемендер. Аллаһ сендерден ұлы, әрі үстем. Ерлі-зайыпты екеудің ынтымағы жараспай бара жатқанынан қауіптенсеңдер, онда ер жағынан бір әділ адамды, әйел жағынан бір әділ адамды жұмсаңдар. Аллаһ оларды татуластырар болса, онда араларының жарасып кетуіне дәнекер болыңдар. Аллаһ шынында да бәрін біліп, барлығынан хабардар болып тұрады» (Ниса сүресі, 34-35).

Құранның бұл үкімдерінің басты мұраты - отбасының татулығын сақтап, егер, әйел мен ердің арасында келіспеушілік туындаған жағдайда, оны шешу үшін, ортаға татуластырушыларды салып, отбасының айрылысуын тоқтатуды көздеген-ді. Ислам діні патриархаттық отбасыны белгілі бір өлшемде ғана қолдады. Өйткені отбасылық қатынаста ер адамның әйелдің көңіліне дұрыс қарау, азық-түлікпен қамтамасыз ету, киіндіру секілді міндеттері және әйелдің тәуелсіз жеке көзқарасының болуы, мұсылман құқығында әйел мен еркектің белгілі бір деңгейде теңдігі болғандығын көрсетеді. Адам баласы үлкендерге құрмет, кішілерге ізет сондай-ақ, адамгершілік пен имандылық міндеттерін от басында үйренеді. Отбасы – сүйіспеншілік пен көргенділіктің алғашқы бұлағы. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп қазақ отбасы тәрбиесін бір ауыз сөзбен топшылаған. Ана өзінің ана сүтімен қатар, ана тілін, ұлттық тәрбие рәсімдерін жан-тәнімен сусындауы қажетті шарт. «Ана көрген тон пішер, ата көрген оқ жонар» демекші, ұрпақ тәрбиесінде ананың алатын орны ерекше. Жүрегінде иманы бар ананың ұрпағы да иманды, бойында ізгі қасиеттері мол ұрпақ болмақ. Ұлттың болашағы мықты болу үшін ананың иманды болуының маңызы зор.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Ханымдар шырағы. Алматы,. 2003.
- 2 Әйел құқы және отбасы. Алматы, 2010.
- 3 Егемен Қазақстан газеті. 30 мамыр.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Hanymdar shyraғы .Almaty,. 2003.
- 2 Əjel кўкы zhəne otbasy.Almaty, 2010.
- 3 Egemen Qazaқstan gazeti. 30 мамыр.

Резюме

Рассматриваются степени возникновения религии ислам. Анализируется роль матери в исламе.

Summary

This article discusses the emergence of religions Islam. the role of the mother in Islam Article promotes the belief in religious mirovozreniâh..

02.02.2013 ж. түсті